

УДК: 343.214  
ГРНТИ: 10.77.01

---

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ СУБЪЕКТІСІН ЗЕРТТЕУДЕ ТҮСІНІКТЕРДІ АЙҚЫНДАУ РЕТІ

---

*Османо́ва Гула́йна Жалалыевна*  
*Абай атындағы ҚазҰПУ*  
*құқық ғылымының магистрі*  
*Османо́ва Зейнеп Жалалыевна*  
*Абай атындағы ҚазҰПУ*  
*ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор*

### DEFINITION OF CONCEPTS WHEN STUDYING THE SUBJECT OF CRIME

*Osmanova Gulaina Zhahalalyevna*  
*KazNPU named after Abai*  
*Master of Laws*  
*Osmanova Zeinep Zhahalalyevna*  
*KazNPU named after Abai*  
*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor*

### ОПРЕДЕЛЕНИЕ ПОНЯТИЙ ПРИ ИЗУЧЕНИИ СУБЪЕКТА УГОЛОВНОГО ПРАВОНАРУШЕНИЯ

#### РЕЗЮМЕ

Мақалада авторлар қылмыстық құқық бұзушы субъектісін, соның ішінде қылмыс субъектісін теориялық тұрғыдан қарастыра отырып, қылмыскердің жеке тұлғасын зерттеу негізінде, қылмыстық ойдың пайда болу механизмін айқындау, қылмыстың жалпы заңдылықтарын білу, сонымен қатар қылмыскер тұлғасын терең зерттеумен байланысты жайттарды зерделей келе, әр-бір ұғымдардың өзіндік ерекшеліктері мен мәні бар екендігін, және оларға түсінік бере отырып, қылмыскер тұлғасын, яғни қылмыскердің жеке тұлғасы деген түсінікті айқындап, қорытынды берген. Бұл мәселелердің көлемі қылмыстық құқық бұзушы субъектісінің ерекшеліктерімен анықталады, ал оның шешімі әсіресе қылмыскердің жеке тұлғасын тыңғылықты зерттеуге байланысты.

#### РЕЗЮМЕ

В статье авторы на основе теоретического рассмотрения субъекта уголовного правонарушения, преступления, изучения личности преступника, определения механизма возникновения преступной мысли, знания общих закономерностей преступления, а также углубленного изучения личности преступника, дали заключение о том, что каждое из понятий имеет свои особенности и значение, и, комментируя их, определяют личность преступника, то есть понятие личности преступника. Объем этих вопросов определяется особенностями субъекта уголовного правонарушения, а его решение особенно зависит от тщательного изучения личности преступника.

#### SUMMARY

The authors, In the article, on the basis of a theoretical consideration of the subject of a crime, are studying the personality of the criminal, determining the mechanism of the emergence of criminal thought, knowledge of the general laws of crime, as well as an in-depth study of the personality of the criminal, concluded that each of the concepts has its own characteristics and meaning, and, commenting on them, define the identity of the offender, that is, the concept of the identity of the offender. The volume of these questions is determined by the characteristics of the subject of a criminal offense, and its solution especially depends on a thorough study of the personality of the offender.

**Түйін сөздер:** қылмыстық құқық бұзушылық, қылмыс, қылмыстың субъектісі, қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі, жеке тұлға, қылмыстық кодекс, қылмыскердің жеке тұлғасы.

**Ключевые слова:** уголовное правонарушение, преступление, субъект преступления, субъект уголовного правонарушения, личность, Уголовный кодекс, личность преступника.

**Key words:** criminal offense, crime, subject of crime, subject of criminal offense, personality, Criminal Code, personality of the offender.

**Кіріспе.** Қазақстан дамудың өзіндік жолын тандай отырып, сонымен бірге тарихи, мәдени және де олармен құқықты байланыстыра отырып белгілі сала шеңберінде ұғымдарды айқындап, бекітуде. Құқықтың әрбір саласындағы заң шығарушылықты

реформалауда, құқықтық қатынас аясымен қатар, барлық сала шеңберінде жаңарулар болып жатады. Қазақстан Республикасы өзін, «демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның

ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», - деп бекітті [1].

Айтылған жағдайлар толықтай Негізгі Заңмен көзделгенін және қанша дегенмен де дәл қылмыстық құқық бұзушылықпен байланысты адам және азаматтардың бостандықтарының қорғалуы барысында мәнді орын алуы мүмкін. Конституция нормаларын тікелей қолдану мәселелері, қолданыстағы Конституция қабылданған күннен бастап-ақ өзінің салалық құқықтық қатынастарда өзектілігі мен мәнін айқындап берді.

Осы жағдай, Қазақстан Республикасының Конституциясының 4 бабында, Конституцияның ең жоғарғы заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады деп бекітілген ереже, заң шығарушының алдына осы ереженің салалық құқықтық қатынас аясында жүзеге асырылуы үшін құқықтық негізін анықтап беруді міндет етіп қойып отыр.

Қылмыстық құқық бойынша тексеріс барысында іске қатысушылардың құқықтарының сақталуының кепіліне байланысты екендігін білдіреді.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам тұлғасын қарастырғанда заң оның қылмыстық әрекетінің жеңілдететін және ауырлалатын жақтарын нақты қылмыстық жасалу себептері мен шарттарын анықтау мақсатында зерттеу қажет. Қылмыскер тұлғасы – бұл оның қылмыс жасауға итермелеген оның кінәсін ауырлататын немесе жеңілдететін жеке қасиеттерінің жиынтығы.

Жұмыстың негізгі мақсаты болып, қылмыстық құқық бұзушылық, соның ішінде қылмыс субъектісінің түсінігін ашу, критерилерін айқындау.

**Зерттеу әдістерінің** негізін теориялық, таным, заңдық түсініктерді талдау, қылмыстық құқық бұзушының жеке тұлғасын анықтауға қатысты пайда болатын жүйелік әдістер құрайды.

**Негізгі бөлім.** Кез-келген қылмыстың себебіне, түріне, мақсатына, зардабына ортақ нәрсе – қылмыстың субъектісі екендігі айқын. Қылмыстың субъектісі қылмыс құрамындағы төрт элементтің бірі.

Қылмыс субъектісі – уақыттан және кеңістіктен тыс жүретін абстрактілі заңдық түсінік емес. Қылмыс субъектісі – басқа адамдар тобында өмір сүріп жатқан және қылмыстық іс-әрекет жасаған адам. Қылмыстық құқық теориясы кез-келген қылмыстың субъектісі болып, қылмыстық заңнамада көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасаған және осы әрекеті үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылатын кінәлі жеке тұлғаны санайды [2, 8 б.]

ҚР-ның Қылмыстық Кодексінде көзделгендей, қылмыстық іс-әрекет жасаған және қылмыстық заңда көрсетілген белгілерге ие есі дұрыс жеке тұлға қылмыстың субъектісі болып табылады [3]. Бұл тұста заңнамамен бекітілген қылмыстық құқық бұзушылық критерилерін байқаймыз. Біріншісі қылмыстық заңнамамен бекітілген жас шамасына жету, екіншісі – тек жеке тұлға болу керек. Келесі

тобы, міндетті түрде есі дұрыс болуы, яғни қылмыс құқық бұзушылық жасаған адамды жазаға тарту үшін оның есі дұрыс болуы керек. Сол себептен есі дұрыс емес, яғни жауап беру қабілеттілігі жоқ деп танылған адам заң қылмыстық жауаптан босатады.

ҚР жаңа Қылмыстық кодексті әзірлеу барысында заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігін енгізуге әрекет жасалды, мұндай жаңашылдық, әсіресе практиктер тарапынан елеулі сынға себеп болды. Заңсыз қызмет үшін жауапкершілікті күшейту идеясы азаматтық, салықтық және қаржылық құқық арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Қазақстанның қылмыстық құқығы заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын көздемеген.

«Жеке тұлға» дегеніміз адамның мінез-құлқындағы, іс әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен даралануы. «Қылмыскер» сөзімен «қылмыс жасаған адамды» (жеке мағынада) немесе «қылмыс жасаған немесе жасап жатқан адамға тән оның даралығын құрайтын қасиеттер жиынтығы» деп көрсетуге болады.

Қылмыстық құқық ғылымында қылмыс субъектісі екі семантикалық мағынада түсініледі: сөздің жалпы мағынасында – бұл қылмыс жасаған адам, яғни, қылмыскер. Тар мағынада – қылмыс субъектісі – бұл қылмыстық заңда көзделген қасақана немесе абайсызда қоғамдық қауіпті іс-әрекетті жасаған жағдайда қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адам. Тар мағынада «қылмыс субъектісі» категориясы: «Қылмыстық заңда қарастырылған қоғамдық қауіпті әрекет жасалған жағдайда кім қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін», - деген сұраққа жауап береді. Сондықтан да қылмыс субъектісін сипаттайтын белгілер, қылмыс құрамының элементі бола отырып, заң шығарушымен оның белгілерінің қатарына кіреді. Біз қылмыс субъектісін сипаттайтын белгілер, қылмысқа жауапты тұлғалар тобын анықтауға жеткілікті екенін түсінеміз.

Қылмыстық құқық бұзушының жеке тұлғасы барлық заң саласындағы ғалымдарды ойландырып, толғандыратын ортақ мәселе. Дегенмен, тәжірибеде қылмыстық құқық бұзушының жеке тұлғасын сипаттайтын жағдайлар қарастырылуы керек. Құқықтық субъектіге жататын адамның тағы бір белгісі айыпталушының сана-сезімінің ауытқығанан немесе дұрыстығын сипаттайтын мәліметтер.

Қылмыстық құқық бұзушының тұлғасын қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, криминология мен криминалистика салалары да жан-жақты зерттейді. Қазіргі уақытта криминологиялық зерттеулерде «қылмыскер» тұлғасы ең басты орындардың бірін алатыны шүбәсіз. «Қылмыскер» тұлғасын зерттеуде әлеуметтік аспект басым екенін байқаймыз. Бірақ, тек бұл аспект арқылы қылмыстық мінез-құлықты түсіндіруге болмайды. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі жан-жақты қарастырылуы тиіс.

Қылмыстық құқық бұзушы тұлғасы ұғымының әртүрлі анықтамалары бар, криминологиялық ілім

тұлғаны біртұтас адамның әлеуметтік сапасын білдіретін құрылым ретінде қарастырудан бастау алады. Тұлға қоғамдық қатынастар үрдісінде қалыптасады, яғни ол адамның әлеуметтенуінің жемісі. Оның үстіне, адамда әлеуметтік және биологиялық бастаулар бірге болады. Әлеуметтік пен биологиялықтың арақатынасында биологиялық әлеуметтікке бағыныштылық қатынаста болады және ол «адам бейнесі» түрінде көрініс табады. Жеке тұлға ішкі жан дүниесі (сана) мен сыртқы (қызметтің) жиынтығы болып табылады. Адамның тұлғасы оның әлеуметтік ортамен оның өмірлік қызметі байланыс арақатынасы арқылы көрініс тапқан әлеуметтік-психологиялық қасиеттер мен сапалық белгілер жүйесін білдіреді.

Қылмыскерді басқа басқа адамдардың арасынан бөліп тұратыны, олармен жасалған қылмыстық әрекеті. Бұл оның жеке басының белгілі бір жағымсыз қасиеттерінің болуының көрсеткіші болып табылады. Бұл қасиеттер, біз қылмыскердің қоршаған шындыққа тұрақты психикалық қатынасы туралы немесе оны басқа адамдармен байланыстыратын әлеуметтік қатынастар туралы сөйлесетін болсақ та, осы адамның барлық мазмұнын сарқып тастамайды. Алайда, «қылмыскердің жеке тұлғасы» түсінігінің болуы заңды. Оны екі мағынада қолдануға болады. Біріншіден, жалпы ұғым ретінде, адамдардың белгілі бір түрін сипаттайтын түсінік ретінде. Екіншіден, қылмыс жасаған адамның жеке басы туралы айтатын ұғым ретінде.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың жалпы субъектісі үшін бар болғаны адам болуы, жасы толуы және есі дұрыс болуы деген сияқты үш белгі жеткілікті, ал қылмыскер тұлғасын сипаттау үшін оның бала күнінен бастап бойына сіңірген барлық қасиеттерін сараптап шығу керек. Тіпті, қылмыс субъектісінің тұлғасы десек де қателеспейміз. Біреудің бойы ұзын деп жақсы көрсеңіз – ол биологиялық қасиеті, енді беруді ақылды деп сыйласыңыз – ол психологиялық-интеллектуалдық қасиеті. Қылмыстық ниеттенудің барлығы әрекетке итермелеуі мүмкін. Мақсатқа жету жолы мен құралын таңдауын алдын ала анықтайтын тұлғаның өнегелік сипатына байланысты. Құндылық бағдарлар адамның, ол үшін аса маңызды болып табылатын объектілерді көрсететін оның жеке басының тереңде жатқан сипаттамасы. Құндылық бағдарлар иерархиясы жайында айтады, бұл жағдайда адам бір құндылықты басқалардан артық санайды. Қылмыскердің құндылық бағдар жүйесінде жеке-даралық бағдарлар басты орын алады. Көптеген рецидивистердің, әсіресе, бас бостандығынан айыру мекемелерінде ұзақ отырғандардың құқықтық көзқарастарының бұрмаланғаны соншалық, олар өз көзқарастарының заңда көрініс тапқан, көршілік мойындаған көзқарастан қаншалықты өзгеше екендігін ұғынбайды.

Қылмыскер тұлғасы, оның түсінігі, құрлымы, қылмыс жасаған адамның әлеуметтік мәнін білдіретін қазіргі криминология мәселелерінің бірі

ретінде жетекші құқықтанушылардың басым көпшілігімен негізделген түрде қарастырылуда.

Сөздіктерге мән берсек, «қылмыскер» – қылмысты жасаған не жасаушы адам [4]. Қылмыскердің тұлғасы заманауи криминологиядағы маңызды проблемалардың бірі. Бұл тұста «қылмыскер» түсінігінің заңдық анықтамасы жоқ екендігін айта кету керек.

Қылмыс жасаушы тұлғасы туралы мәселе біршама күрделі және түрлі талас тудыратын мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселенің маңыздылығы ең алдымен қылмыс адам қылығының әрекеті және әрі нақты адамның еркін білдіруі ретінде, оның өзіндік сипатының және ерекшелігінің мәндік жағынан шығады.

Қылмыскер тұлғасы – көп жақты және күрделі түсінік. Қылмыскер тұлғасын тек жағымсыз қасиеттер қалыптастырады деп ойлау үлкен қателік болар еді. Қылмыскер ол, сүйікті әке, қамқор жұбай, өз ісінің шебері, жақсы маман және т.б. болуы мүмкін [5, 53б.]

Сонымен қатар, қылмыс жасаған адамның тұлғасы қылмыстық саладағы көптеген ғылымдардың мұқият зерттеу объектісі болып табылады. Криминологиялық зерттеу объектісі болып: қылмыс жасаған жекелеген адамдар; қылмыскерлердің әртүрлі контингенттері (кәмелеттік толмағандар, рецидивистер); қылмыскерлердің әртүрлі криминологиялық типтері табылды. Ал, міндеті – қылмыстылыққа және қылмысқа жақын себептік байланыстарды анықтауға мүмкіндік беретін, себептік кешендерді, тізбектердің сипаттамалар шеңберін жіктеу болып табылады.

Жеке тұлғаның негізгі қасиеті оның қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға деген бейімділігі туралы куәландырады (тым ашуланшақтық, себепсіз қатаңдық және т.б. [6, 203 б.].

Қылмыскердің жеке тұлғасын зерттеген кезде, мынадай ережелерді ескерген жөн:

1) заң бұзушының тұлғасы күрделі иерархиялық жүйе ретінде қарастырылуы керек;

2) заң бұзушының тұлғасын оның іс-әрекетінен, оның әлеуметтік ортамен қарым-қатынасынан танып білуге болады;

3) тұлға және іс-әрекетпен бірге индивидті қоршаған орта, соның ішінде әлеуметтік микроорта зерттеудің міндетті элементі болып табылады [7, 56 б.].

Қылмыстық жауапқа тартылған тұлғаға тән қылмыстық-құқықтық қасиеттерді зерттеу мен саралау мынадай мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

– тұлғаны қылмыстық жауапқа тартудың мүмкіндігі мен қажеттілігі;

– қылмыс жасаған тұлғаның іс-әрекетін салалауға;

– жауаптылығын жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайларды анықтауға;

– айыпталушының дұрыс жолға түсуі мен тәрбиелеуге ең лайықты жазаның түрі мен көлемін тағайындауға;

Ең алдымен қылмыстық заң талап етіп отырған қылмыстық іске қатысушының негізгі белгілерін қарастыру қажет.

Байқағанымыздай, қылмыстық құқық «қылмыс субъектісі» және «қылмыскердің жеке тұлғасы», «қылмыстық құқықтық қатынас субъектісі» түсініктері бір-бірінен алшақ екендігін білдіреді.

Қылмыс субъектісі – қылмыс құрамы жоқтан тыс, қылмыскердің тұлғасын сипаттайтын минималды белгілердің жиынтығы.

Ал, қылмыскер, қатардағы басқа да адамдар сияқты тұлға.

1. Нақты бір қылмыскерге ғана тән қасиеттер мен сипаттарын зерттеп, оған байланысты оның қылмыстық әрекетінің себебін айтуға болады, алайда бұл тұрғыдан ұылмыстың жалпы себептерін анықтау мүмкін емес. Сондықтан, қылмыскердің тұлғасын топ деңгейінде және «қылмыс субъектісінің» жиынтығы ретінде біртұтастай, яғни типологияны пайдалана отырып зерттеу қажет. Мұндай зерттеуде жасаған қылмысының ұқсастығына және қылмыстық әрекет субъектісінің жеке қасиеттерінің мазмұнына байланысты қылмыскерлердің категориялары мен типтері зерттеледі. Қылмыскер тұлғасын зерттеуде бірден бір күрделі де түбірлі мәселелердің бірі болып қылмыскер тұлғасындағы әлеуметтіктің және биологиялықтың арақатынасы болып табылады.

2. Қорытынды. «Адам» ұғымында оның мәнінің ажырамас әлеуметтік және биологиялық жақтарының бір тұтастығы бекітілген. Тұлға – бұл индивидуалдық, қайталанбастық. «Адам» және «тұлға» түсініктері ажыратылады. Адам ұғымы кең деп саналады, себебі кез келген адам тұлға емес, керісінше кез келген тұлға адам. Тұлға – бұл «адамның әлеуметтік бет бейнесі», қоғамдағы әлеуметтік даму, қалыптасып және өмір сүру процесіндегі оның болмысы. Олай болса біз, «қылмыскердің тұлғасы» деген ұғымды қолданған кезде қылмыс жасаған адамның тек «әлеуметтік бейнесі» деп түсінуіміз қажет.

Қылмыскер тұлғасы – индивидтің қылмыс жасау сипатында көрінетін психикалық ерекшеліктер жиынтығы.

Сайып келгенде, қылмыскердің жеке тұлғасы дегеніміз кім? деген сұрақ өзінен-өзі туады. Қылмыскердің жеке тұлғасы дегеніміз,

қылмыскерді бүтіндей алғанда тұлға деп сипаттайтын барлық әлеуметтік қасиеттердің, байланыстар мен қатынастардың жиынтығы болып табылады. Оған айыпталушының әлеуметтік байланысы (саяси, тұрмыстық, еңбек т.б.), дүниетанымы, көзқарасы, психологиялық құрылысы мен ерекшелігі (санасы, еріктілік қасиеті, мінез-құлық ерекшеліктері т.б.), демографиялық және тұлғасының белгілері (жынысы, жасы, денсаулығы т.б.), өмірлік жолы мен тәжірибесі, қоғам алдындағы кінәсі жатады.

Осылайша, қылмыскердің тұлғасы – бұл адамды және оның қоғамдық өмірдің әр түрлі жақтары мен көріністеріндегі әлеуметтік маңызды және индивидуалды белгілердің және басқа да көрсеткіштердің белгілі бір жиынтығы немесе олардың жүйесі болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушының субъектісі туралы іске қатысты мәліметтің жетік болуы, қылмыстық құқық бұзушылықты айқындап, ашып, оның ақиқаттылығына жетуге бірден-бір негіз болады. Әрине, қылмыскердің жеке тұлғасы жөніндегі мәселе көп зерттеулерді талап етеді.

Кез-келген зерттеу жұмысы белгілі бір проблеманы, заман тұрғысына сай талқылап, оны шешуге әрекеттену болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года// Ведомости Парламента Республики Казахстан.-1996.-№4.- 217.
2. Молдабаев С.С. Проблемы субъекта преступления в уголовном праве Республики Казахстан. Монография. Алматы. 1998.- 8б.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. Электронды ресурс: <https://adilet.zan.kz/>
4. Электронды ресурс: <https://tolslovar.ru/p18081.html>
5. Отв. ред. Рогов И.И., Балтабаев К.Ж. Криминология. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», - 2004 – 53 б.
- 3.6. Под ред. В.Н.Бурлакова, В.П.Сальникова. - СПб.: Криминология – XX век. – СПб.:Юридический центр Пресс, 2000.-203 б.
7. Ратинов А.Р. Судебная психология для следователей. М., «Юрлитинформ» 2001.-56 б.

УДК 342.41

---

### КОНСТИТУЦИОННЫЕ РЕФОРМЫ В РОССИИ В XX-XXI ВЕКАХ: ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ

---

DOI: 10.31618/ESU.2413-9335.2021.2.93.2.1561

**Никифорова Е.Н.**

*кандидат юридических наук, профессор, заведующий кафедрой национальной безопасности и международного права ФГБОУ ВО «Российский государственный гидрометеорологический университет», Россия*

**Отто И.П.**

*кандидат технических наук, доцент кафедры национальной безопасности и международного права ФГБОУ ВО «Российский государственный гидрометеорологический университет», Россия*